

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP09261115 ШҚО, Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштері: пәнаралық зерттеу
Жоба өзектілігі	Алғаш рет тарихнамалық материалдар негізінде қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі аралықтағы Қазақ ұсақшоқысының шығыс бөлігін зерттеуге байланысты іргелі мәселелерді зерттеу ұсынылады. Ұсынылып отырған жобаның ерекшелігі – Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы аумағындағы көне тайпалардың әлеуметтік, мәдени, тарихи, идеологиялық, діни, өнертанушылық және т.б. аспектілерін қоса қарастыратын көп деңгейлі, кешенді зерттеу әдістерінің қолданылуы. Осындай кешенді әдіс қазіргі кездегі археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі түбегейлі мәселелерді шешуде ең перспективті болып табылады.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты - қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі аралықтағы Қазақ ұсақшоқысының шығыс бөлігін мекендейтін ежелгі тайпалар мәдениеттерінің қалыптасу және даму процестерін пәнаралық зерттеу және тарихи қайта құру.
Жоба міндеттері	<ol style="list-style-type: none">1) Әр түрлі уақыт аралығын қамтитын ірі археологиялық кешендерге барлау жұмыстарын жүргізіп, картаға түсіру; ШҚО, Аягөз ауданының археологиялық картасын жасау;2) Көне дәуірде ШҚО, Аягөз ауданының табиғи-климаттық жағдайын анықтау үшін жекелеген археологиялық нысандарға геоморфологиялық жұмыстар жүргізу. Зерттеліп жатқан аймақтың ежелгі тайпаларының жерлеу рәсімдері, культтері мен дүниетанымдары туралы мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, ішінара талдау.3) Археологиялық ескерткіштердің мерзімін анықтау жерлеу және еске алу кешендерінің барлық санатындағы жүйелі талдауына негізделеді. Алынған мәліметтер, аталған кешендердің мерзімделу үлгісінің радиокөміртекті және генетикалық зерттеу нәтижелерімен салыстырылып, соның негізінде барлық табылған заттар тобының эволюциясы мен көне тайпалардың ғұрыптық тәжірибесінің даму бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.4) Жобаны жүзеге асырудағы негізгі бағыттардың бірі археологиялық кешендердің қазба материалдарының әлеуметтік интерпретациясы болмақ. Әрбір мәдени дәстүр шеңберіндегі қазба материалдарының қорытындысы Қазақ ұсақшоқысының шығыс бөлігіндегі тауаралық аймақтардағы жерлеу

	<p>дәстүрінің әлеуметтік мәнді белгілері кешенін анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>5) Археологиялық материалдарды басқа деректермен жүйелеп талдау және (жазба, өнер, фольклор және т.б.) салыстыру Шығыс Қазақстан территориясындағы байырғы тұрғындардың даму және қалыптасу үрдістерін кешенді түрде елестетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, тұтастай Шығыс Қазақстанның түркі халықтарының пайда болуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдерін қарастыруға жол ашады.</p> <p>6) Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында ежелгі тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрпы, дүниетаным жүйесі мен идеологиялық болмысы бойынша қол жеткен нәтижелерді еліміздегі ЖОО-ның оқу үрдісіне енгізу.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p><i>Күтілетін нәтижелер:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жоба аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары негізінде (Scopus, Web of Science, Thomson Reuters базаларына кіретін): Archaeological Research in Asia (Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль – 87) https://www.scopus.com/sourceid/21100393521#tabs=0, Siberian Historical Research (Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль – 59) https://www.scopus.com/sourceid/21100773342, Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia (Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль – 69) https://www.scopus.com/sourceid/4900152805 рецензияланған ғылыми журналдардың біріне мақала шығарылады. Отандық баспаларда да мақала шығару жүзеге асырылады: «ҚазҰУ Хабаршысы» https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history, «Отан тарихы» http://iie.kz/?cat=7&lang=ru, «Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы» https://nauka-nanrk.kz/ru/journals-nan-rk/ және т.б., сонымен қатар жыл сайын өтетін халықаралық конференцияларға мақалалар беріледі. 2. Жоба шеңберінде «ШҚО, Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің тізімі» атты ғылыми еңбек дайындалады. 3. Жарияланымдарға (монографияларға) зияткершілік меншік құқықтарына лицензия алынады; 4. Ғылыми-техникалық құжаттама әзірленеді, барлық жаңадан табылған археологиялық ескерткіштер елдің археологиялық картасына енгізіледі;

5. Жұмыс нәтижелері әлеуетті пайдаланушылар, ғылыми қоғамдастықтар және көпшілік арасында таратылады;

6. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы археологиялық ескерткіштер тізімін жасау кезінде қолданылады; археолог-ғалымдар мен тарихшылардан басқа мақсатты тұтынушыларға туған өлкенің тарихына қызығушылық танытатындардың барлығы жатады;

7. Жоба барысында күтілетін негізгі нәтижелерле: ШҚО, Аягөз өңірінің ежелгі және ортағасырлық тайпаларының материалдық мәдениетінің негізгі элементтерін, діни-мифологиялық және идеологиялық тұжырымдамаларын, жерлеу және мемориалдық рәсімдері мен діни-культтық практикасын теориялық қайта құру жатады;

8. Кең көлемді зерттеу жұмысының қорытындылары оқу құралдарын, монографиялар, археологиялық ескерткіштер тізімін жасау кезінде, фото және видео материалдары оқу процесінде қолданылады.

9. Қазақтың ұсақ шоқыларының шығыс бөлігінің ежелгі және ортағасырлық тарихы туралы алынған мәліметтер халықтың патриоттық сезімдерін тәрбиелеуге және олардың өткенін білуге үлкен әсер етеді; бағдарламаның экономикалық маңыздылығы жоғары білім сапасын жақсартудың болжамды әсерін, қазақстандық жоғары оқу орындарын таңдаған студенттер санының артуын білдіреді, бұл өз кезегінде елдегі экономикалық климатқа оң әсер етеді.

Өткізілген жұмыстың қысқаша қорытындысы:

– зерттеу тақырыбына байланысты мұрағаттық және библиографиялық материалдар жинақталды және жүйеленді;

– 3 жылдық зерттеулердің нәтижесінде 107 ескерткіш жаңадан ашылды;

– Қола дәуіріне жататын Ботпай қорымының екі объектісінде радиокөміртекті зерттеулер жүргізілді;

– Бозай қорымындағы ерте темір дәуірінің 4 объектісіне радиокөміртекті зерттеулер жүргізілді;

– Ақтүбек пен Кеніш түркі дәуірі қорымдарында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Құлаған тас мүсіндер қалпына келтірілді.

<ul style="list-style-type: none">– Жартас суреттерінің жаңа 4 қорымы ашылды;– Кездей соқ табылған сақ ат-әбзелдері зерттелді;– Қазақстан сақ уақытының ерекшеліктері сақ жылқы жабдықтарының хронологиялық аймақтық ерекшеліктерінің көмегімен талданды.– Қорымнан табылған металл артефактілерге рентген-флуоресцентті талдау жүргізілді, бұйымның құрамы анықталды;– Табылған барлық жәдігерлер Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану мұражайына тапсырылды;– Аягөз қаласының тарихи-өлкетану мұражайына ерте темір дәуіріндегі Бозай қорымынан алынған жәдігерлердің көшірмелері тапсырылды.– Бозай ауылының жалпы білім беретін мектебінде Бозай қорымының ескерткіштері бойынша археологиялық бұрыш жасалды.– Зерттелген қорғандардан алынған остеологиялық материалдар радиокөміртекті талдауға "Барнас" (Литва) ғылыми қызметтер компаниясының зертханасына жіберілді;– Зерттелген қорғандардан алынған остеологиялық материалдар Литвадағы археологиялық зертханаға жіберілді.– Сондай-ақ, артефактілер "Қырым аралы" ғылыми-зерттеу зертханасына қалпына келтіруге жіберілді;– Барлық әртүрлі археологиялық кешендерді белгілеу және картаға түсіру арқылы егжей-тегжейлі барлау жұмыстары жүргізілді;– Абай облысы Аягөз ауданының археологиялық картасы жасалды;– Бозай 1 қорымының №1 қорғанының әскери жерленуіне графикалық реконструкция жасалды.– Жоба бойынша ҚР ҒЖБ КОКСОН басылымдарында және халықаралық конференцияларда барлығы 17 мақала жарияланды;– зерттеу нәтижелері "Archaeological Research in Asia" (процентиль – 91, Q-1) және "Oriental Studies"
--

	<p>(процентиль – 60, Q-1) рецензияланатын жоғары рейтингті ғылыми басылымында жарияланды;</p> <p>– Сондай-ақ, өңірлік және облыстық газеттер мен теледидарға сұхбат берілді.</p> <p>– Аягөз ауданы бойынша жұмыстардың қорытындысы ретінде "Абай облысы Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің жинағы" дайындалды.</p> <p>Ұсыныс ретінде біз осы тақырыпты зерттеуге 3 жыл өте аз уақыт кететінін қосқымыз келеді. Аягөз ауданы аумағы бойынша елімізде үшінші орында, археологиялық тұрғыдан іс жүзінде зерттелмеген. Сондықтан осы жоба аясында зерттеу жұмыстары кем дегенде алты жылға созылуы керек.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Омаров Гани Калиханович, т.ғ.к, Индекс Хирша - 1; Scopus Author ID – 57192670652 ORCID - https://orcid.org/0000-0001-9142-8763 2. Бесетаев Бауыржан Берканович - археологии және этнологии магистры, Хирша 2; Scopus Author ID – 57196189999 ORCID - https://orcid.org/0000-0002-7993-5612 3. Сагындыкова Сымбат Темиргалиевна – PhD докторант, Scopus Author ID – 57753438600 ORCID - https://orcid.org/0000-0003-2202-214X.
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>«Абай облысы Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің жинағы» 2023 жылғы 13 қарашадағы №40410 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік.</p>